

# Абылай хан
# 310 жыл

**1711-1781**

**Абылай хан – үш жүздің қолдауымен Қазақ хандығының ханы атанған Көркем-Уәли сұлтанның ұлы, Абылайдың немересі, Барақ ханның ұрпағы. Шын есімі – Әбілмансұр. «Абылай» есімінің берілу себебіне, атасы Абылайдың да қатысы бар. Он екі жасында әкесі жоңғар Цеван Рабданның қолынан қаза болған. Жас кезіндегі лақап аты «Сабалақ». Оған бұл лақап атты Төле бидің өзі түйелерін бағып жерген кезінде қойған. Ел арасында соғыста көрсеткен ерлігі үшін жиырма жасында танылған. Жиырма бес жасында таққа отырған. Абылай ханның кеңесшісі ретінде Бұқар жырау қасында болған.**

**1742 жылы Абылай Есіл өзені бойындағы ойраттармен соғыс барысында тұтқынға түседі. Осыған дейін жоңғарлармен соғыста олардың атақты батырын өлтірген Абылай, тұтқында болған бір жылдың ішінде монғол тілін үйреніп, Қалдан-Сереннің жиі қонағы болған. Абылай 1753 жылы жоңғарлармен болған соғыста қазақ даласының біраз бөлігін азат етіп, 3000-ға жуық ойрат әскерін тұтқынға алады.**

1754-1755 жылы қырғыздар қазақ жеріне басып кіріп, Жетісудің бір бөлігін жаулап алады. Оларға жауап ретінде Абылай қалың қол жинап, Іле мен Шу аралығын қайтарып алады.

1771 жылы Әбілмамбет хан дүниеден өтті, дәстүр бойынша таққа оның баласы немесе туысқандарының бірі отыруы тиіс болатын, бірақ Қанай би бастаған жүзбасылар бірауыздан Бурабайға арнайы барып, Абылайды хан сайлайды. Абылай өзін үш жүздің ханы санап, Орта және Кіші жүздердің аумағында билік құрған. Сонымен қатар, орыстарменде келісімдер жүргізген. 1778 жылы Екатерина ІІ-нің жарлығымен тек қана Орта жүздің ханы болып сайланады. Абылайдың Қарақалпақ бегі Сағындық Шуақбайдың қызы Сайман ханымнан төрт ұлы болды: Есім, Әділ, Шыңғыс және Уәли.

Абылай хан Қазақ хандарының мавзолейі Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген. Өзінен кейін отыз ұлын қалдырған ханның, белгілі ұрпақтарының бірі Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов.




**АБЫЛАЙ ХАН. Энциклопедия / Бас. ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 656 б.**




**Кенжебаев Б.**

**Аблай: Қазақ халқының ерлік тарихынан. – Алма-Ата: Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасы, 1943. - 20б.**





I· СТАТЬИ Ч. Ч. ВАЛИХАНОВА

1. АБЛАЙ[1]

АБЛАЙ — в русских летописях называемый царевичем Сибирским.

Аблай — (Абулай) хан Средней Киргиз-Кайсацкой орды, живший в XVIII веке. Он происходил из младшей линии султанов Средней орды и имел в третьем колене общего родоначальника с Абульмаметом ханом, с которым Аблай (в наших бумагах Аблай-султан, двоюродный брат хана) в 1739 году присягнул в Оренбурге на вечное подданство России. Дед его, тоже именем Аблай, был владельцем города Туркестана и прославился такими воинскими доблестями, что получил грозное и почетное название Кан-Ичар (кровопийца). Сын его, Вали, не мог поддержать славы отца; один из соседних владельцев, взяв Туркестан, убил его и только преданность одного из рабов спасла жизнь 13-летнего сына его Аблая. Верный слуга бежал с своим питомцем в Киргизскую степь. Юный Аблай, отвергнутый знатными родственниками своими, вступает в услужение к богатому киргизу, рода Якшылык. Смутные обстоятельства того времени дают возможность Аблаю выказать свою храбрость, сметливость и ум самым блестящим образом. Первое десятилетие XVIII века было ужасным временем в жизни киргизского народа. Джунгары, волжские калмыки, яицкие казаки и башкиры с разных сторон громили их улусы, отгоняли скот и уводили в плен киргизов целыми семействами. Холодные зимы, гололедица и голод, как небесное испытание, увеличивали их бедствия. Один киргизский родоначальник в Орен-

8

**Валиханов Ч.Ч. Статьи-переписка. - Алма-Ата: Гостипография, 1947. - 152с.**






Ездивший в июне 1771 г. в ставку Аблая по заданию оренбургского губернатора И. А. Рейнсдорпа башкирский старшина Қазаккул Қазанбаев сообщил, что калмыки «китайцами в предверие всяких их покушений, по малым частям разделены и в тех местах поселены, кои прежде калмыкам принадлежали, и тем удалили их от охоты, которую они, пришед в раскаяние, крайне имели опять в Россию возвратится. И так теперь весма кленут возмутителей своих владельцов»[10]. Однако все попытки возвратиться в Россию пресекались цинскими властями самым жестоким образом. Қалмыки говорили находившимся в Пекине русским представителям, что «не токмо мы, но и ханы наши теперь о том много сожалеют, что лишились во всем для нас изобильной России». Цинские чиновники «с наших ханов почти грабежом собирают скот и всякие вещи... и от тех их нападков и грабительств ныне пришли мы в великое раззорение»[11].

Нападение отрядов Аблая на калмыков во время их перехода в Джунгарию осложнило его взаимоотношения с цинскими властями. Тот же Қ. Қазанбаев сообщал, что в начале июня в кочевья Аблая прибыло цинское посольство из 50 чел. с требованием, «чтоб киргисцы ожидаемых в китайскую сторону из России... калмык безбедно пропустили и в потребном случае оным всякое вспоможение учинили, а о сем бы самом и Нурали-хан от него, Аблая, уведомлен был. Взятых киргисцами при преследовании калмык, собрав, немедленно возвратили, а в противном случае наказан он будет мечом»[12]. Ответ Аблая был весьма уклончивым. Он заявил цинским послам, что «есть ли те, оставшие калмыки, спокойно чрез орду их пойдут, то и он с киргисцами касаться до них не будет, а о взятых в плен калмыках тогда обстоятельный ответ даст, когда с народом об них выправится»[13].

Угрозы цинских властей, начавшиеся ответные нападения калмыков, угнавших только в том же 1771 г. из Старшего и Среднего жузов до 70 тыс. лошадей, заставили Аблая прикочевать к сибирской крепости Святого Петра[14].

Российское правительство вскоре потребовало от казахских владельцев возвращения захваченных ими калмыков. Аблай, собрав пленных из других улусов, не выдал их однако царским властям, а оставил у себя, что вызвало озлобление части казахских феодалов.

В последующие годы между казахами и калмыками, признавшими цинское подданство, отношения были натянутыми. Қак видно из рапорта в Қоллегию иностранных дел командующего в Омской крепости генерал-майора А. Скалона от 31 января 1777 г., калмыки «приезжающих для торгу киргисцов в улусы свои не отпускают благополучно, а отбирают как товары, так и что бы при них, киргисцах, не было силною рукою... и сверх тово начинают у близ кочующих к ним киргисцев отнимать жен и детей и протчее имение разными нападениями»[15]. Последние также в долгу не оставались, что создавало напряженную обстановку в этом районе Центральной Азии.

### *Внутренняя и внешняя политика Аблая после избрания его ханом*

В 1771 г. умер престарелый хан Среднего жуза Абулмамбет. Несмотря на то, что у него остались сыновья (султан Абулфеиз и др.), пользовались авторитетом в степи дети султана Барака, двух мнений относительно преемника Абулмамбета не было. Ханом должен был стать именно султан Аблай. Власть и влияние его уже в 60-е гг. XVIII столетия превосходили власть хана Абулмамбета. В одном из толгау Бухар-Жырау встречаются такие слова, адресованные Аблаю:

В пятьдесят твоих лет
Сделал привязь громадную ты, привязав к ней
Всех трех наших жузов коней [1].

Султан Аблай, указывал А. И. Левшин, «превосходя

[10] АВПР. Ф. Қиргиз-кайсацкие дела. Оп. 122/1. 1772. Д. 3. Л. 81.
[11] Рукописный отдел Государственной библиотеки им. В. И. Ленина. Ф. 273. Собр. Қ. А. Скачкова. Қарт. 27. Д. 2. № 4262. Л. 231.
[12] АВПР. Ф. Қиргиз-кайсацкие дела. Оп. 122/1. 1772. Д. 3. Л. 81 об.
[13] Там же.
[14] Там же.
[15] АПВР. Ф. Киргиз-кайсацкие дела. Оп. 122/1. 1777. Д. 2. Л. 3—3 об.
[1] *Магауин М.* Указ. соч. С. 85.

118 119

**Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая). - Алма-Ата: Наука, 1988.- 144с.**







**Салғарин Қ. Хандар кестесі = Династии ханов: Хронологические таблицы. - Алма-Ата: Жалын, 1992. – 48 б.**

**Қалқаманұлы Бұқар. Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар. - Алматы: Жалын, 1993. - 96б.**






не менее не стал прихвостнем контайчи, а вел самостоятельную политику. Какие бы колебания ни происходили в степи, острие этой политики всегда было направлено на освобождение из-под джунгарского ига.

И все же пока султан Аблай был формальным вождем лишь некоторых аргынских родов Среднего жуза, в том числе немалочисленных родов атыгай и караул, живущих на склонах гор Кокчетау и породнившихся с Аблаем через своих дочерей, отданных ему в жены. Собственно, этот грандиозный праздник сорокалетний Аблай тоже проводил с тайным замыслом вербовки сторонников. С самого начала он поставил перед собой цель – сделаться всеказахским ханом – и шагал к этой цели, не стесняясь в средствах. Когда требовалось, это был спокойный и уступчивый, на первый взгляд, политик, но, когда нужно было пройти по трупам, он шел не оглядываясь.

Накануне вечером приехал к нему знаменитый Бухар-жырау, которого Аблай знал с тех пор, когда был еще юношей по имени Абулмансур и, бежав из плена, скрывался от джунгар в прокопченной чабанской юрте вместе со старым рабом Оразом.

Тогда он и сказал Бухар-жырау, что принимает на себя имя своего кровавого деда Аблая...

– Ты хмур сегодня, мой жырау... – сказал Аблай. – Расскажи нам что-нибудь поучительное!..

– Для этого я и приехал. – Бухар-жырау многозначительно помолчал. – Пришла пора рассказать о предке твоем Есим-хане. Я знаю, что ты чтишь это имя, султан, и мне хотелось бы, чтобы не повторял ты его ошибок...

– Мы слушаем тебя, жырау...

И жырау, несмотря на то что устал с дороги, начал рассказывать...

*– Много забот свалилось на молодого Есим-хана после смерти Тауекеля. Прежде всего нужно было решить наболевший вопрос отношений с кашгарскими и бывшими моголистанскими вождями и султанами, которые грызлись между собой за оставленное ханом Абдрашитом наследство. При этом они претендовали на многие киргизские земли. Киргизские манапы, в свою очередь, разделились на сторонников родственной им Белой Орды и каш-*

194

**Есенберлин И.**
**Отчаяние; Хан Кене: Романы. - М.: Дружба народов, 1993. - 592с.**

**«Абылай дәуірі, қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған».**

**Ш. Уалиханов**







Көкбай ақын Жамантаев. Абылай. - Алматы: Дария-Пресс, 1993. - 147б.

Аблай-хан. Кенесары: (проблемы национально-освободительного движения). -Алматы: Гылым, 1993. – 120 с.






**Шоқан Уәлиханов**

## АБЫЛАЙ

Абылай орыс жылнамаларында Сібірдің ханзадасы деп аталады.

Ал шынында Абылай — Орта жүз қазақтарының XVIII ғасырда өмір сүрген ханы. Оның тегі Орта жүз сұлтандарының кенже буынынан тарайды да, үшінші атадан барып Әбілмәмбет ханға қосылады. Онымен Абылай (біздегі қағаз бойынша Абылай сұлтан — ханның немере інісі) 1739 жылы Орынборда Ресейге мәңгі бодан болатыны туралы ант берген. Атасы (оның да аты — Абылай) Түркістанның билеушісі болып тұрған. Батырлығымен, батылдығымен аты шығып, сол үшін қанішер деген қаһарлы да, құрметті атаққа ие болған кісі. Бірақ баласы Уәли әкесінің даңқын асыра алмай, Түркістанды басып алған көрші билеушілердің бірінің қолынан қаза тапты. Қалтқысыз берілген бір құлының арқасында ғана он үш жасар ұлы Абылай аман қалды.

Адал төлеңгіт өз түлегін ертіп, қазақ даласына тартты. Ағайын-туғандарды сыртқа тепкен жас Абылай қырға келіп, жақсылық руының бір байына малшы болады. Дүрбелеңге толы дүбірлі кезең Абылайдың тапқырлығы мен табандылығын, ақылдылығы мен алғырлығын танытуына жағдай жасайды. XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ халқының өміріндегі бір алапат кезең еді. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар қазақ руларына жан-жақтан тарпа бас салып, қырып-жойып, малын айдап, жанын байлап әкетіп, талай әулетті тұтасымен тұтқынға алып кетіп жүрді. Қытымыр қыс, кесепат жұт пен ашаршылық тәңірден түскен қыспақтай-ақ халықты сансыратып, қайыршыландырып жіберді. Орынбордағы бір қазақ ру басының өз жерлестерінің қайғылы халін соңынан бір топ ұялас тазы қуған қоянның жағдайына теңегені бар.

Әсіресе, 1723 жыл сұмдық сипатымен қазақтардың есінде өшпестей боп қалды. Қары қалың әрі көктайғақ болған сол бір сұрапыл қыста жоңғар қонтайшысы Қалдан Серен қисапсыз қолмен қазақ қырына басып кіріп, қазақтар мен қырғыздардың бұрынғы шалдуарлығы мен шапқыншылығы үшін жаппай жазалауға кірісті. Қайда барса да қанқұйлы жоңғарлар қыр соңынан қалмаған қазақтар үріккен киік үйіріндей дүркіреп, жол-жөнекей дүние-мүлкін, бала-шағасын, кемпір-шалын, арық-тұрық малын, үй-жайын шашып, түстікке барып қойып кетті. Орта жүз — Самарқанның түбіне, Кіші жүз Хиуа мен Бұқара барып паналайды. Ал қырғыздар Болордың адам аяғы баспаған құз-жарына жасырынып, үрейі ұшқаны соншa Гиссар алқабына дейін жетеді. Орта Азияның құм белдерінен шүйгін жайылым таба алмай, жаңа көршілерімен жауыққан қазақтар құдіретті Ресейдің шекарасына сөз салып, олардан қолдау мен қолқабыс іздейді.

Міне, осылай екіұдай, үрейлі қанды-қасап кезінде ел назары Абылай сұлтанға ауады. Өйткені ол жорықтардың бәріне алғаш қатардағы жауынгер боп қатысып, соның өзінде қисапсыз ерлік көрсетіп, айрықша амал-айласымен көзге түскен еді. Өнегелі ақыл-кеңесі, сұңғыла зердесі арқасында ол бірден-ақ көреген, кемеңгер деген атқа ие болады. Шынында да, қазақтар мұны ұлы істер атқаруы үшін алланың өзі жіберген елшісі, әруақ иесі деп ұққанға дейін Абылай талай күресті бастан кешіріп, сан сыннан сүрінбей өтті. Ол екі мәрте торға түсіп, бірінде — қырғыздарға, екіншісінде — Қалдан Серенге тұтқын болды. Оның Қалданнан құтылуы шын мәніндегі керемет. Себебі ол



**Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. - Алматы: Білім, 1995. - 288б.**






нын, қазір Жуалы, Сарыкемер аймағын жайлайтын ұрпақтары мен нағашылары жарыса жыр етіп айтады.

...1743 жылдың жазы мен күзі Абылай жауынгерлерінің жоңғарлармен жауласуымен өтті. Қар түсе жасақтар елді-еліне тарағанда Мәмбет, Сенкібай, Шойбек үшеуі амалсыз Есіл бойын қыстап қалды. Қайтуға жер шалғайлығы үстіне Арқаның ақ түтек бораны, ат бауырынан асатын омбы қары қандай... Ас пісіріп, кір-қоңын жуып беретін әйелдер болғанмен алды отызға енді нек артқан үш жігіт өз елін, өлең төсектерін аңсады. Мұны төрт әйелінің көңілін кезекпен тауып жүрген Абылай сұлтан сезіп, біліп жүрсе де қысыла шыдады — мал-жанның аяғы жазылар көктемді асыға күтті. Сол жылғы қыс та қақап, жұт та бой көрсетіп қалды. Елдің есі шығып жатқанда қай қазақтың қызын айттырып, құда түссін — Абылай қанша қолпаштағанмен жөн-жосықты біле бермейтін кейбір адамдар Төле би елінен келіп, қыстап қалған үш жігітті тіпті, кірмедей түрткілеп, төлеңгіттердей көретінді шығарды.

Қыс қыры сынып, көктем жақындады-ау дегенде үш жігіт Абылайдан қайтуға рұхсат сұрады. Сұлтан қонақтарынан құтылуға асыққан үй несіндей лап ете қалған жоқ, қарасұр жүзі сан құбылып, көп ойланды, әр қайсысының бетіне салмақтана отырып ризалық кесімін айтты:

— Бауырларым, сендерді туған жерлеріне қайтаруға қимай да отырмын. Қайтуға мұқтаж екендеріңді жан-тәніммен езіле сезініп те отырмын. Зынданның тар қапасында тұншығып жатқанда туған елден ұшып келген қарлығаштай жүректе жанған өкпе өртіне су септіңдер. Жұртым үшін деп жортып жүргенде қапыда қолға түсіп, шыбын жаннан күдер үзгенде арыстанның аузына, жолбарыстың жонына қорықпай-үрікпей сендер келдіңдер. Әрине, орыс елшісінің салмағын да білемін. Тағдыр таразысы құрылып, екі басы қалтылдап, өлім мен өмір кезек «мен мұндалап» тұрғанда орыс патшасы елшісінің келуі безбеннің өмір табағы жағын басқаны кәміл. Бірақ қазақ деген елдің әлі де қайрат-қаһары қамал бұзатынын айналайын бауырларым сендер таныттыңдар. Тек үшеудің ғана емес, ана орыс елшісінің қасындағы қазақ бауырларым да бірге келіп, таразы басын сылқ түсірдіңдер. Орыс-қазақ бірігіп келгенде, жоңғарлардың иман-құты қалмапты. Ресей елшісі сендерсіз жеке келгенде мұндай



салмағы да, айбары да болмайтыны анық еді. Сендерді ғана ішке тартып, сол алып ақ патшаның елшісін ордасына жолатпай қойғаны «Аяз, әліңді біл» демесе де, «жолыңды біл» деп кеудеден итергенмен бірдей ғой...

Абылай сәл іркіліп қалды да, өткір көздерін өзі ғана көріп тұрғандай бір нысанаға едәуір қадала тігіп барып, қайта шешілді:

— Еліме де, Төле бидей, Қазыбек бидей ел ағаларына, даналарына, Жәнібек тархандай тар жерде тастап кетпей, құтқарушы қолын созған батырларына ризамын... Әсіресе, Төле атама, ия, атама, туған әкемдей болып, жетім кезімде қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай осы дәрежеге жеткізген қамқорлы дана атама дұғай-дұғай сәлем айтыңдар... Көкейіме құйған ақыл ғазалдарының бір тамшысы да төгілген жоқ... Тірі жүрсем, сүттей аппақ ақ тілегін, перзенттік борышымды ақтаудан аянып қалмаймын. Ар жағын көкірегі қазына қарт өзі түсіне жатар... Еліме керек еді деп жер түбінен іздеп шығарып, мойныма борыштың қырық жылда да шірімейтін қыл шылбырын қайта салғанына да мың қайтара шүкіршілік етермін, өмірбақи парызымды да, қарызымды да есімнен екі елі шығармаймын... Елдегі көкірегін кек кернеген еркек кіндік азаматтарға, әсіресе, жастарды қылыштай қайраған ақылман қарттарға, бір көзінен — қайғы, екінші көзінен үміт жасын ағызған ақ жаулықты аналарға, қырдың қырмызы қызғалдақтарындай жәудіреген қыз-келіншектерге, тіпті тал-теректерге, қамыс-құрақтарға дейін сағынған сәлемімді жеткізіңдерші... Аман болсақ, аттарымыздың басын бір кезеңге тіреп, алаштың ақ туы астында бірге жиналармыз... Осыған бір «әумин» деп қояйықшы.

Жігіттер сұлтанның ақтарыла шерткен бұл сырына толғана отырып, беттерін сипасты.

— Бауырларым, «жолаушы ақысы жүрсе бітеді» деген... Біраз жерге дейін өзім шығарып салайын... Жетісуға дейін серіктес жігіттер қосам... Арғысы өз жерлерің ғой... Тек жол-жөнекей аң қағып, қыз-қырқынға қырындай өтпесеңдер, еркек аттарына мін болар,— деп сұлтан құрдастығына басып, Мәмбетті бір қағытып өтті.

Бұқар жыраудың ақ батасын арқалап, Төле бидей ел ағаларына жолдаған бауырмалдық сәлемін көтерген үш жігіт Абылай ерткен өнерлі нөкерлер шоғырымен аттанды. Қыс ызғары қайтты дегенмен ақ қар, көк мұз әлі сі-



**Әбілдаұлы Б.**

**Байзақ датқа. - Алматы: Мерей, 1995. - 161б.**







**Данияров К. История Абылай-хана - государственного деятеля, полководца, дипломата, политика. - Алматы: Жибек жолы, 1998. - 96 с.**

**Ақтаев С. Ханзаданың қасіреті. - Алматы: «Жібек жолы» Баспа Үйі, 1999. - 160б.**







**Кекілбайұлы Ә. Дүние ғапыл: Өлеңдер мен драма. - Алматы: Арыс, 1999. - 304б.**







**Смағұлұлы О., Мұхтар Қ., Оразаққызы А. Абылай хан:Тарихи-антропологиялық зерттеу. - Алматы: Ата мұра, 1999. – 176 б.**

**Әбсадықов А. Хан Абылай: Тарихи шындық және халықтық таным. - Қостанай, 2000. – 128 б.**







**Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Аблай-хан: внешняя и внутренняя политика. - Алматы: Жазушы, 2001. - 167с.**

**Тарақ Ә. Алаштың айбын – ардағы – Абылай хан. Әдеби тарихи – монография. – Алматы: «Қазақстан» баспа үйі, 2003. – 240 б.**







**Тарақов Ә. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы: Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2004. - 342б.**

**Әбсадықов А. Абылай хан ғұмырнамасы: миф пен шындық = Биография хана Абылая: мифы и реальность. - Астана, 2005. - 140б.**




**Абылай хан: Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар жинағы. - Петропавл: ЖШС «Астана», 2005. – 498 б.**



**Абылай ханның Сібір генерал майоры И.И. Шпрингерге жазған хаты**







**Доспанбетов Ұ. Абылайдың ақ туы. Тарихи роман. – Алматы: Мерей, 2004. – 408 б.**

**Доспанбетов Ұ. Абылайдың ақ туы. Тарихи роман. – Алматы: Самара-Принт, 2008. – 448 б.**






АБЫЛАЙ ХАН

27

*1712-жылы туып, 1881-жылы қайтыс болған*

* * *

**Тұңғыш рет дауыс беру (шар салу) арқылы сайланған қазақ ханы;**

**Қытай елімен тұңғыш сауда жасау ісін жолға қойған хан**

* * *

Осыдан кейін Төле би Сеңкібайды шақырып, әлдеқандай Сабалақ атты біреуді сұрады. Мен оған әһмият бермедім. Бірақ оның Әбілмансұр екенін кейін білдім. Мен Бөгембайға еріп шығып бара жатқанымда, бойы биік, қабағы қатқыл, екі ұрты суалыңқы, сақал-мұрты сирек, қоңырқай жүзді, атжақтылау ұзын бойлы, жасы жиырмаға жақындаған жігіт кіріп келе жатты. Мен оны Төленің көп баласының бірі болар дегенмін де қойғанмын. Мен енді Жолбарыс ханнан: "Ұлы жүз қолын баста!" – деген ресми жарлық алдым...

Қаша ұрыс салу, ол үшін жауды алдан тосып алатын адамдарды дайындап қою сияқты керекті тәсілдің бәрі ойластырылған еді. Мысалы, Шойбек қолы қаша ұрыс салды да, қазақ қашып бара жатыр деп бұған мастанған қалмақ қолы алдында аңдып, мылтығын, садағын кезеп жатқан Сеңкібай қолына ұрынды. Нақ осындай соғыс Арқаға қарайтын Хан тауы бетінде де жүргізілді. Оған Жанықеш пен Олжабай қолы жіберілді. Қуып келеміз деп мәз болған жау қалай арандағанын білмей, қатты қырылды. **(Бұл кітапта оқыған адам қаша ұрыс салу әдісін б.д.д. әуелі сақ батыры Иданфирс, содан кейін күн батыры Мүде сәтті қолданғанын біледі. Енді сол әдісті Аңырақай шайқасында Шойбек батыр қолданыпты. Демек бұл әдіс – бабалардан үзілмей келе жатқан әдіс. – Б.Н.)** Қайта қашқан қалмақ қолына Сеңкібай сарбаздары ат қойғанда,

245

**Жүз тұңғыш. Жинақ. 1-кітап. - Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2005. – 320 б.**






Мені сонша жерге жаяу жүріп келеді деген ойында бар дейсің бе, жауырынға түскенін әз[іл] қылысып отыра берді. Және біреуі алып қарады дейді:

- Сендер не білдіңдер, не шатып отырсыңдар? Еңсегей бойлы ер Есім Көкаланың үстінде ме, шылбырдың түбін шұлықтан қиды ма?-дегенде, үстіне мініп алдым да, тұра қалдым: «Енді не дер екен?»-деп. Тұрып едім, біреуі айтты:

-Шылбырды, нанбасаң, тартшы шылбыр!- депті,- дегенде, мен айғай салып, дөңгелек шыр айналып, жатқан қопадан дөңгелек тұяқтан дәнеме тастамай қудым да шықтым!- депті.

Соңынан келген үш жаяу да тосып жатыр екен, бір-бір атты мініп, олар да бір-бірімізге ұранменен қопада көп әскер қанша екенін білмейміз, түнде шулап, үйіліп-төгіліп қалды да, [бізд]ер айғайлап, қудым да шықтым, дәнеме қалмады-ау!-деп, ... жолдасыменен бәріміз жолығып, байтақ далаға шыққаннан соң, ... өзіміздікінен басқа ... жүріп отырып, жолдасымыз жатқан жеріне... (аяғы жоқ Л. Қ.)

## Абылайдың алғаш көзге түсуі
## (екінші нұсқа)

Абылайдың жиырмаға жетпеген бала боздақ күнінде, қасында Ораздық деген сарт жолдасы бар, Есіл бойында Атығай, Қарауыл деген елге, Дәулеткелді байдікіне келіп, жылқы бағып, жылқышы болып жүріпті. Ата-тегін ешкім сұрамапты. «Жайың кімсің?»- деген жанға атым «Сабалақ»-дейді. Бір күні бай бәйбішесіне айтыпты:

- Мұны басқа малшыдай көрме,- депті.- Осы Сабалақты күте гөр,- дейді.

- «Қалайша?»- десең, ...ын аш жүрсе де, өз қолыменен бір ас құйып ішпейді. Және жарты аяқ ас ішсе де, сарқытын кішкене ішпейді,-дейді.

-Және жерге отырмайды. Және-дағы [киі]мін шешіп, астына салып отырады,- д[ейді].- [Жер]ге отырғанда, бас алға алуан ғамалы кем... қырдың астына барып отырады,- дейді.-Және өзі ұйықтаса, үсті шырақ жаққандай жап-жарық болып тұрады,- дейді.- Шамшырақ болса керек.

Сол бір кезде қазақтың жылқысын қарақа[лм]ақ Қатысыбан деген жау алып, Қазақ ұран шақырып, әу десіп қуғыншы болып, атқа мінді.

Қазақтың батырларының аты: Қаракерей-Қабанбай, Қанжығалы-Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұғлы Жәнібек, Көкжарлы көкжал Барақ, Шанышқылы-Бердіқожа батыр, Сырым- Малайсары батыр, Керей-Уақтан шыққан: Сары, Баян батыр,- бәрі аттанып қалмаққа барса, шеп құрып, қалмақ айналасын қорған қылып, соның аузына жайнатып жасау төгіп, қыз-

11

**Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Т.9. - Павлодар, 2006. – 366 б.**






XVIII ғасыр әдебиетіндегі ең көрнекті тұлға — Бұқар жырау.

Жыраудың шығармаларын жинастырған Мәшһүр-Жүсіптің айтуынша, Бұқар арғын ішінде Төртуыл Қаржастан шыққан. Бұқардың әкесі Қалқаман — батыр болған көрінеді.

Заманының бізге бір табан жақын тұрғанына, өмір сүрген дәуіріндегі көптеген тарихи оқиғалар халық жадында жақсы сақталғандығына қарамастан, қазақтың ескіде өткен басқа ақын-жыраулары сияқты, Бұқар өмірі хақында да біздің білеріміз тым тапшы. Жыраудың туған, өлген жылдары жайында да нақты деректер жоқ. Оның қанша жасаған адам екені де белгісіз. Қолда бар бірден-бір нақты мәлімет — жыраудың Абылайдан (1713—1781) бұрын туып, соң өлгендігі.

Қазір Бұқардың туған, өлген жылдары 1693—1787 деп көрсетіліп жүр. Ал бұл ой-жотамен, солай шығар-ау деген долбармен алына салған сан. Бұқар 1693 жылы туды деудің ешбір қисынға келмейтінін дәлелдеу онша қиынға түспейді: ол үшін ақылдылықтың да, алғырлықтың да қажеті жоқ.

Абылайға арнаған толғауларының бірінде Бұқар:

Күнінде мендей жырлайтын
Тоқсан үште қария
Енді де саған табылмас, —

дейді.

Бұл сөздер Абылай өлген 1781 жылдың өзінде-ақ айтылды дейікші. 1781-ден 93-ті алыңыз, сонда 1688 қалады... Яғни Бұқар қазір көрсетіліп жүрген 1693-тен 5 жыл бұрын туған болып шығады. Бұл — әдебиет тарихымен айналысушы кейбір ғалымдарымыздың өз ісіне қаншалық жауапты, қаншалық мұқият қарайтындығының тағы бір айғағы іспеттес.

Бұқардың өте көп жасап, әбден қартайып өлгендігі күмән туғызбайды. Біздің қолымыздағы Бұқарға қатысты ең ескі деректің бірі — Тәуке ханның атымен байланысты. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Бұқардың Тәуке тұсында-ақ ордадағы белді би, батагөй ақсақалдардың бірі болғандығы аңғарылады.

Әз-Тәуке ханның сүйікті ұлы өліпті дейді бір әңгіме. Хан аза тұтып, бас көтермей, ас ішпей жатып алыпты. Ұлы жүзден үйсін Төле би, Орта жүзден Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүзден Қаражігіт би

103

**Мағауин М.**
**Қобыз сарыны: XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары.- Өңделіп 5-ші басылуы. - Алматы: Мектеп, 2007. – 192 б.**







**Қасымбеков Ж. Абылай хан: Тарих, тұлға,уақыт. - Алматы: «Аруна» баспасы, 2007. – 92 б.**

**Касымбаев Ж. Абылай-хан. История, личность, время. Серия «Знаменитые люди Востока». - Алматы: Аруна, 2007. – 92 с.**






**Абылай хан тарихындағы ақтаңдақтар***

Қазақ тарихын, оның ақтаңдақ беттерін ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеудің соңғы жылдары батыл қолға алынғаны белгілі. "Мәдени мұра" бағдарламасына сәйкес тұлғалар тарихын саралау жаңа белеске көтерілді. Дегенмен, өзіміз күнделікті жазып, айтып жүрген XVIII ғасырдағы қайраткерлер өмірінің барлық тұстары тарихи сараланды ма, оларды шынайы танып болдық па? Оған Абылай хан танудағы төмендегі мәселелер куә болады.

Тарих ғылымының сүйенері сан алуан деректер екендігі бәрімізге де аян. Әсіресе, зерттеушілердің мұрағат деректеріне, фактілер мен материалдарға бұлайша атүсті қараушылық оқиғаларды бұрмалауға әкеледі. Мұндай жағдай Абылай хан жөніндегі ізденістерде де ұшырасып, көбірек сенім артады, көбіне оларды сол күйінде қабылдайды. Тарих қалады. 1961 жылы Алматыда жарық көрген "XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары" деген құжаттар жинағында 1718 жылы Қарнақ қаласында Қайып ханның бауыры Абылайдың орыс солдаттарына күш көрсеткендігі, осыдан кейін 1732 жылы "Абылай-Мамет сұлтан қарамағында 1000 адам" барлығы айтылады. Бірақ 1718 жылы Абылай небәрі 7 жаста болса, кейінгі құжатта ол Әбілмәмбет сұлтанмен шатастырылған.

Абылай есімінің Ресей мұрағатында алғаш көрініс табуы – 1738 жыл. Сол жылдың 13 тамызындағы Әбілқайыр ханның орыс патшасына жазған хатында Абылай Әбілмәмбет сұлтанмен бірге алыс жайлауда екендігі хабарланады. Келесі маңызды мәлімет 1740 жылғы 19 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында Орынбор қаласында өткен қазақ-орыс келіссөзі жөніндегі материалдарда ұшырасады.

Келіссөзге XVIII ғасырдағы қазақтың белді азаматтары – Әбілқайыр хан атынан Нұралы, Ерәлі сұлтандар, арғын

* Мақала "Егемен Қазақстан" газетінің 2006 жылғы 19 тамыздағы санында қысқартылып жарияланған.

51

**Мұқтар Ә.**

**Тарих тұңғиығындағы тұлғалар (XVIII-XIX ғғ.). Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 240 б.**






бұлардың арасынан ұлы хан болып Әбілмәмбет сайланды. Бұған келіспеген алдымен Әбілқайыр, одан соң Сәмеке майдан даласын тастап кетті. Сөйтіп Әбілқайыр бастаған Кіші Орда мен Сәмеке бастаған Орта Орданың бөлігі шайқасты тастап, қайтып кетті[1].

Соғысты жеңіспен аяқтаған қазақтар шегінген қалмақ әскерінің ізіне түсіп талқандауды ұйымдастырды. Жаудың аман қалғандары Ертіске, Алтай, Тарбағатай тауларына шегініп кетті де, тағы да күш жинай бастады. Осы соғыста әскер басшысы болған, ерлік көрсеткен Әбілқайыр Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлармен бірге батысқа кетті. Қабанбай Іленің арғы жағымен Арқаға бет алды. Кейіннен Қабанбайға Наурызбай, Бөгенбай, Өтеген батырлар қосылды. 1730 ж. тамызда орыстарға арқа сүйеу мақсатымен Әбілқайырдың елшілері Уфада болды[2]. Осылайша Әбілқайырдың майданды тастап кетуіне дейінгі мерзімде алғашқы ірі жеңіске дейін жоңғарлармен соғыста Әбілқайыр үш жылдай қазақ әскерінің қолбасшысы болды. Кейін жеңіспен аяқталған жорық тағы да үш-төрт жылды қамтыды, барлығы 6-7 жыл. Қорыта келгенде, қазақтардың алғашқы ірі 1726 ж. немесе сәл кейінірек 1727 ж. болған, Бұланты өзені бойындағы «Қара сиыр» және «Аңырақай» шайқасы мен Болат ханның өлімі қазақтар үшін ең басты оқиға болды. Осындай ертеңі белгісіз ауыр кезеңде қазақ әскерінің басына Абылай сұлтан келді.

### §5. АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫНАН КЕЙІНГІ ЖОҢҒАРЛАР ЖӘНЕ АБЫЛАЙ БАСШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘСКЕРІ (1731–1745 жж.)

Аңырақай шайқасынан кейін қазақтардың және Кіші жүздің орыс шекарасына кеткенін мұқият қадағалаған Қалдан Церен бастаған жоңғар қолы 1731–1733 жылдары Қара Ертістің бойы мен Зайсан көлі маңына қайтадан тоқтап, Аягөзге жетіп, Қарқаралы, Баянауыл тауларынан асып, тіпті күзетші бөлімдері Ерейменге жетеді[3].

Жоңғар хандарының мақсаты жайылымдық жерлерін кеңейтіп, сауда жолдарына өз үстемдіктерін жүргізу болды.

[1]Тынышбаев М. История казахского народа. Қазақ университеті. Алматы, 1993, с. 167.

[2]Тынышбаев М. История казахского народа. Алматы, 1993, с. 190; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. с. 168.

[3]Уәлиханов Ш.Ш. Абылай. Шығармалар жинағы. 4-том, 112-бет.

141

**Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы: Оқу құралы. Өңделіп, толықтырылып екінші басылуы. - Алматы: Білім, 2008. – 320 б.**







**Татанайұлы А. Ел қорғаны -Абылай: Өлеңдер, дастан. - Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы, 2008. – 216 б.**

**Нәсенов Б. Абылай хан. Мәскеу архивтері сөйлейді = Абылай хан. Говорят архивы г. Москвы: XIII-бөлім, XVIII-кітап, III-тарау. - Алматы, 2011. – 848 б.**






ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ХАНЫ АБЫЛАЙ ТУРАЛЫ ӘФСАНАЛАР

*Әлі күнге дейін қазақ арасында Абылайдың шын өмірін, оның шын аты мен ғұмырбаянының ақиқат деректерін білетіндер некен-саяқ. Оның себебі – бізде жинақталып жазылып алынған ғұмырнамасының жоқтығында. Содан да біз ақсақалдардың бір-біріне ауызша айтып жеткізген мағлұматты әңгімелерін пайдаланамыз.*

Абылай Баһадүр хан 1713 жылы туады. Ол Көкшетауда тұрып, 48 жыл хандық құрады. Толыбайдың баласы Арыстан ақынның Абылай жөнінде былай деп айтқаны бар:

Қылады мекережде байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.
Сұрасаң, Абылайдың тұрған жері –
Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда.

Абылайдың шыққан тегі туралы ақсақалдар былай дейді:

Ақмаңғыттар мен тоқмаңғыттар (жоңғар әскерлері) тұтқиылдан шауып, Бұхараны қырық жыл билеген Әбілфейіз ханды өлтіреді. Сонда Әбілфейіздің Сүйініш хан атты ұлы өзінің туыстары мен балаларын Қарсығұзарға алып кетеді. Олар сол жақта сарттардың ішін панадап, соларға ұқсап кетеді, бөз тоқып сатып, сонымен күн көреді, хандық тектерін жасырады. Сүйініш ханның бір ұлы он екі жасар Абылай еді. Оның шын аты – Әбілмансұр (Әбілмансұр «жеңістің әкесі» немесе «жеңіске жеткізген адам» дегенді білдіреді). Жалпы алғанда, бұл шындыққа сәйкес келеді.

Жасы кіші болса да, халықта «Бар пәледен сарт жаман, сарттан шапқан жау жаман» деген мәтел сөздің пайда болуы тегін емес.

227

**Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан әфсаналары. - Алматы: «Аруна» баспасы, 2008. – 256 б.**






шауып түсірмей ме! Домалап түскен шаңырақ бас бұрқ еткізіп жер қопарып, шаң суырмай ма! Суырылған шаң күн көзін бүркеп, жауып кетпей ме! Бір кезде бассыз қалған денеден атқылаған қан аспанда қалықтаған қазбауыр бұлтты қып-қызыл етіп боямай ма! Бассыз дене шайқала теңселіп құлауға айналмай ма! Ендігі гәп дененің қалай қарата құлауында болған ғой. "Не істеу керек? Қандай айла бар?" деп сәтке ойланған Әбілмансұр шырақ қорамсаққа қол салып сауытбұзар жебені ала-сала садағының серіппесіне тіреп тұрып, құлашын кере тартып кеп қалады ғой. Толағайдай толықсып тұрған тау денені тымақ құрлы көрмей жұлып түскен жебе топырлаған көп ойраттың дәл үстіне топ еткізіп тастай салған ғой. Өкірген, бақырған, ойбайлаған ойраттар өз батырының астында жаншылып, өңештен сауылдап аққан қызыл қанға тұншығып қырылыпты деседі.

Хош! Сонымен сол күні абыройы асқан, мерейі тасқан ұлан азан шақырып қойған Әбілмансұр аты да, Төле би бабамыз қойған Сабалақ аты да жоғалып Абылай сұлтан атанған ғой. Сұлтан аталуы тіпті қызық. Ойбай-ау, төре тұқымының бақталастығынан, бақас күншілдігінен, жауыз қатыгездігінен өтер зұлымдықтың атын атасаңыз, мұрнымды кесіп, қолыңызға ұстата салайын. Ә-ә, атай алмайсыз. Ал Абылайдың атасын да, әкесін де, аға-бауырларын да быкпырт тигендей етіп лақша бауыздаған өз ағайындары – сұлтандар көрінеді. Аңырақайдан кейін бәрі айғақ боп, оққа ұшқан Болат ханның орнына жұрт біткен Абылай сұлтанды сайлай жаздамай ма. Піспеген жастығын айтып, тәжірибесіз албырттығын ескертіп Абылайдың өзі екен тақ пен тәжден бас тартқан. Әй, сонысы бекер болған!.. Сұлтандардың ырың-жырыңын пышақ кескендей тиып тастар еді-ау хан боп қасиетті Әз Тәукенің алтын тағына отырғанда. Дүниенің кілтін ұстатқан жеті ықылымның ғаламаты мен ісін игерген, жеті ықылымның тілін меңгерген адамға ел билеу қиын болып па. Түбінде Абылай ел билігін ұстайды-мыс.

Дақпырт дақпыртқа жалғанса, ауыздан ауызға көшсе, ауылдан ауылға кетсе, жамау-жасқауы көбейіп, өтірік-шыны араласып, ақиқат пен аңызы

— 164 —

**Сматаев С.**

**Елім-ай: Т.3. 3-кітап. - Алматы: Алманар, 2009. – 616 б.**






**Жұмаділов Қ. Дарабоз: Тарихи роман-дилогия. - Алматы: Ан Арыс, 2009.**
**1-кітап.- 416б.**
**2-кітап.- 416б.**

**Романда XVIII ғасырдағы Абылай ордасы мен оның ішкі-сыртқы саясатына да кең орын берілген. Жазушы тек Қабанбай батыр өмірі мен шектелмей тарихта орны бар басқа да батыр мен билердің реалистік бейнесін жасаған.**







**Қазақтың ханы Абылай: Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар. - Алматы: Ел-шежіре, 2011. - Т.1. - 640 б.**

**Қазақтың ханы – Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі: Ғылыми басылым. – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – Т.2. – 640 б.**






*"Абылай хан" жыры*

**"АБЫЛАЙ ХАН" ЖЫРЫ**

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіз жылдардың жаңа парағын ашқаннан кейін ғана жоғымызды түгендеп, өткенімізді сараптап, барымызды бағамдауға, ұмытуға айналған өткен тарихымызды жаңа қырынан жазуға, тың ізденулер мен зерттеулерге сара жол ашылды. Соның бірі мемлекеттік "Мәдени мұра" бағдарламасының аясында жарық көріп жатқан "Бабалар сөзі" жүз томдық сериясы. Осы басылымдағы материалдардың дені Орталық Ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қолжазбалар қорларынан алынды, көпшілігі шағатай, қадім, латын әліпбиінде жазылған мәтіндердің түпнұсқалары аударылып, даярланды. Бұл жарық көрмеген құнды фольклорлық дүниелер арнайы ұйымдастырылған экспедициялар мен жеке адамдардың қорға тапсырған қолжазбалары негізінде жиналған.

Қазақ тарихында аса бір танымалы тарихи мән алатын кезең – бұл жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес дәуірі. Атап айтқанда, XVIII ғасырдың алғашқы жартысы қазақ халқының өміріндегі қиыншылыққа толы, халық басына қара бұлт үйірілген алапат жылдар болды. Жоңғар қоңтайшысы жер жанаты Жетісу мен сайын Сарыарқаға көз тігіп, қазақ жерін тұтасымен басып алуға тырысты. Тарихта "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" деп аталып кеткен бұл зобалаңды кезең халық қорғаны батырлар мен ел ұйтқысы билердің арқасында үш жүздің басы қосылып, сыртқы шапқыншылыққа күш біріктіріп, жұмыла тойтарыс берді. Міне, осы тұста ел үшін туған ерлердің сыналар шағы келді. Соған байланысты ерекше ерлігімен, көзсіз батырлығымен жау қамалын талқандап, көзге түскен батырлардың ерлік ісі ел ішінде аңыз-әңгіме болып таралып, белгілі жыраулар мен ақындардың туындыларына арқау болды. Жеке батырлар жайында, оның өмір тарихын, игі істерін суреттейтін үлкенді-кішілі жыр, дастан, толғаулар өмірге келді. Сондай-ақ, ел тізгінін қолына ұстаған хандар мен батырлар, бишешендер туралы туындылар да халық арасына кеңінен таралып, ұрпақ мұрасына айналып кетті.

Солардың ішіндегі көп таралған әдеби мұралар – Абылай хан мен

219

**Тәуелсіздік идеясын жырлайтын қазақ эпостарының қолжазба нұсқалары: сюжеттік ерекшеліктері және зерттеу, сақтау, жариялау мәселелері: Монография. – Алматы: ИД «CREDOS», 2011. – 324 б.**




дікке һәм бұларға тиісті хұқықтарға жұрттың қолы жетсе, жұрт билігі осы жерден тумақ. Жұрт билігі қолға келсе, мемлекетті бұрынғыдай бір кісі патша болып, еш уақытта билемекші емес. Сайлап қойған өкілдер арқылы жұрттың өзі ғана билемек. Үстіміздегі жаңа заман жұрт билігі қолға келген заман. Үш жүзден аса жыл Романовтардың бұғауында бейнет шеккен Россия жұртының еңірегенде етегі толып, шөлдеп іздегені осы жұрт билігі қолға келген заман.

Соғыстың лаңымен бостандық жөншілікпен тамырлана алмай жатқанда генерал Корнилов біраз әскермен қара жүздерді ертіп алып, жұрт бостандығын жоғалтпақ, Россия мемлекетінің басына ескі заманды қайтадан көшірмек! Бостандық Россияға оңай түскен жоқ. Құлшылықта ғұмыры шіріген мұжықтар, балға, төстің арасында жаны күйген жұмыскерлер, бостандық сөзін тұңғыш татқан солдаттар, босағада көзге түрткі болып, келімсек, өгей атанып, арқасы жауыр, құйрығы шолақ болған бұратаналар оңайлықпен Корниловқа бостандығын ұстата қоймас. Бостандықтың орыстан гөрі бізге қымбат екендігін жоғарыда жазылғаннан көрінеді. Сондықтан қазақ комитеті Уақытша Хүкіметке қазақ жұртының қолынан келер көмегін көрсететінін білдірді. Арысы мұсылман болып, берісі қазақ болып бостандығымызды қорғау үшін Уақытша Хүкіметке көмек көрсетуіміз келесі өсетін өркеніміз үшін еккен егінмен тең. Мемлекеттің қуанышына ортақ жұрт қайғысына да ортақ. Алаш азаматтары, Абайдың «жаман дос – көлеңке; басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың» дегеніне ұшырап жүрмелік!

* * * * * *

4-ші сентябрьде келген телеграм хабары: «Генерал Корнилов һәм соны жақтаушы бірнеше генералдар тұтқынға алынды».

### АБЫЛАЙХАН МЕН ҚАЛДАН ХАННЫҢ СӨЙЛЕСКЕНІ

Алғаш Әбілмансұр ханның қалмақ пен қазақ соғысқанда жекпе-жекте абылайлап шауып, қалмақтың Шарыш деген батырын өлтіріп, Абылай атанып, хан болғаны халыққа мәлім шығар.

Шарыш – қалмақтың Қалдан ханына күйеу екен. Қалдан «Шарышымды Абылай өлтіріп, хан болыпты» дегенді естіп, қаһарланып: «Абылайды ұстап әкел» деп 30 мың әскер аттандырыпты.

132

**Алаш көсемсөзі: 10 томдық. - Алматы: Өнер, 2011. - 9-кітап: Сарыарқа. - 320 б.**






**АЛАШТА АБЫЛАЙҒА ЕР ЖЕТПЕГЕН**

Ел басқару екінің бірінің қолынан келе бермейтін бірегей өнер екені әмбеге аян. Оның үстіне ел ұстаған екінің бірі есте қала бермейтіні де белгілі ғой. Жымысқы жолмен түлкі боп таққа отырып, халқына қасқыр боп тиген талайларды көнекөз тарих біледі. Бірақ олардың атын білгенімен, затын ілтипатқа ілмейді. Демек, ақыл-парасатына, қажыр-қайраты сай, дегдарлығы мен білімдарлығы бірдей, мінезі маңғаз, жүрегі мейірбан жетекші ғана жұрттың жадында ұзақ сақталмақ. Міне, екі ғасырдан астам атақ-даңқы аңыз-әңгімелер арқылы-ақ ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, үдеп бара жатқан Абылай хан осындай қайраткер болса керек.

Рас, Абылай күні бүгінге дейін әділ бағасын ала алмай, тарихтан тиісті орнын таппай келген қайраткер. Әйтпесе "ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан" кейін көп ұзатпай қазақ халқының басын құрап, жоңғар басқыншыларына ойсырата соққы беруді ұйымдастыруы ерен еңбек емес пе. Сындарлы саясатшы, сарабдал мәмлегер ретінде ол көрші мемлекеттердің бәрімен арақашықтықты сақтай отырып, терезесі тең байланыс жасай білген көреген басшы.

Тек 1991 жылдың той ауанымен Ғылым академиясы ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырып, оның сан-салалы қайраткерлік қызметін, қаһармандық ерлігін айшықтап

6

көрсетер қыруар құжаттар мен деректерге жұртшылықтың көзін ашқандай болды. Бақсақ, Абылай парасатты елбасшы ғана емес, қабырғалы қолбасшы да екен. Қазақ халқының азаттығы жолында қасық қаны қалғанша айқасқан аты аңызға айналған талай батырлар, басы Қанжығалы Бөгенбай мен Қаракерей Қабанбай болып соның ақыл-кеңесіне жүгінген, қажет жерінде жігер-күшіне сүйенген. Небір күрмеуі қиын күрделі мәселе тап келсе, ол дереу билер алқасына салып кеңінен кеңесіп, кемел байлам жасаған. Төле мен Әйтеке, Қаз дауысты Қазыбек сияқты кең толғар кемеңгер билердің, Бұқар жырау сияқты от ауызды, орақ тілді, данагөй ақындардың ақылына жүгініп болашақ ісіне бағдар алып отырған. Осының өзі-ақ оның халықтың қайнаған ортасынан шығып, соның мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, сойылын соққан қайраткер екенін қапысыз аңғартса керек.

Асылы, Абылайға бақ та, тақ та оңайлықпен келген жоқ. Оның атасы атышулы Қанішер Абылай Түркістан әмірі болған. Кемшілікке кеңшілігі жоқ, екіжүзділікке қаны қас ол, досқа да, дұшпанға да қатал ымырасыз кісі болған сияқты. Жоңғарларға қарсы отыз мың қолды бастап барып ұрысты ойдағыдай ұйымдастыра алмай жеңіліп қайтқан Қайып ханды да кінәсін кешіре алмай өлтіріп жіберген. Сол үшін өзі де қанішер атанып, елден аластаддды деген сөз бар. Оның орнын ұлы Көркем Уәлі басады. Бірақ оның бақыты ұзағынан сүйіндірмей, хансарайына тұтқиылдан басып кірген жау билеушінің отбасын түгел қырып тастайды. Бір төлеңгіттің тапқырлығы мен адалдығы арқасында он бір жасар ұлы Әбілмәнсұр ғана аман қалып, қаладан қашып шығады.

Бала сол бетімен атақты Төле бидің ауылынан бір-ақ шыққан тәрізді. Тегі, түбі беймәлім жетім

7

**Ақтаев С.**
**«Абылайдың ақ жолы» (Ұлы хан және оның ұрпақтары жайлы эсселер). - Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2011. - 471 б.**




**Сыдықов Е., Әбсадықов А. Хан Абылай: таным мен тағылым. Монография. – Астана: Фолиант, 2013. – 248 б.**






қалдықтарымен де, басқыншы Цинмен де екі жақты майдан ашты. Бар Қазақ даласы келді көмекке, оған бір-ақ дәлел - Кіші Жүзден құралған 25 мың қолды бастап Ералы Сұлтанның келгендігі. Бұл шайқастар, әсіресе Алтынемелдегі қазақтар мен қытай (шүрші) әскерлерінің соғысы, Қазақтың аяулы ақ-иық ақыны Мағжанның «Батыр Баян» поэма-дастанында және аяулы жазушымыз Ілияс атамыздың шығармаларында («Көшпенділер») кереметтей көрсетілгенін қазір бәріміз де білеміз.

1755-1757 жылдар аралығында Абылай хан әскері әлдеқайда басым жаудан тайсалмастан шайқасты. Қазақ даласына қытайдың генералдары Фу Де мен Чжао Хой басқарған екі армиясы екі жақтан кіргені тарихтан аян. 30 мыңдайы қырылған Қытай әскері әлі де 170 мың болса, Абылай әскері 40 мың еді. Сол кезде естеріне түскендей болған Орыс өкіметі Қытайға өздерінің бодан елімен соғысқандарына қарсылық білдірген көрінеді. Оған Қытайдың сендер біз соғысқалы 3 жыл болды, сенің елің болса, осы уақытқа дейін қайда жүрсіңдер дегендігі нағыз шындық жауап.

Көп қорқытады, терең батырады дегенді дұрыс ұғына білген Абылай хан, елмен ақылдаса келе 1757-жылы немерелес бауыры Жолбарыс сұлтанды араға елшілікке салды. Император Цянь Лунге соғыстан көрі елшілік жол тиімді көрінді, оған мүмкін империяның ішкі саясаттары да әсер етуі де себеп, бірақ 3 жылда өздері де қажыған қытайлықтар қазақтың енді өліспей беріспейтінін түсінгендігі негізгі себеп болатын!

Ақыры, 1763-жылы Цин императоры Абылайды хан ретінде таныған грамотасын жіберді. Оған қосымша 1767-жылдан бастап осы өңірге қазақтардың орналаса бастауына да өз келісімін берді, бірақ соғыс шығындарының өтемі ретінде қазақ жағы әр 100 жылқыдан 1 жылқы жылдық өтем төлеп тұратын болды.

18

1779-жылға дейін жалғасқан Жолбарыс сұлтанның, Сұлтамбетұлы Ораз сұлтанның, 1768-жылы Абылайұлы Уәли сұлтанның Қытай империясымен жүргізген елшілік келіссөздерінің нәтижесі осылай болып қалыптасты. Бұл дәстүрдің, орныққан тәртіптің кейінгі 150 жыл бойы сақталып келгендігі де тарихи шындық.

Ата-қоныс Алтай, Тарбағатай жақтарға Керей, Уақ, Найман рулары, Шыңғыс төңірегіне Арғыннан Тобықты, Найман және Жетісуға Жалайыр, Албан, Суан, Найман басқа да Үйсін руларының алдыңғы лектері оралып, ел болып, етек-жеңді қазақ жинай бастады. Бұл оқиғалар ұлы Шәкәрім шығармаларында:

...Сол соғыс - хан Абылай келген кезі,
Қалмақтың сыбағасын берген кезі...
Қырылған соң қалмақтар жаман сасқан,
Нұржайсын, Шәуешектен өте қашқан.
Ата қоныс – Арқаны босатып ап,
Қазақ келіп, қалмақтың орнын басқан.

- деп жырлағанындай тамаша көрсетілген.

Бұдан соң хан Абылай Қазақтың өз жерін өзіне толықтай қайтарып, басқа ешкім көз алартпастай ету мақсатымен 1779-жылы қалың әскермен барып Жоңғар кеткен соң қоқаңдай бастаған Қоқанды Ташкенттен арырақ қонжитты. Бұл жақтарға көбінесе Ұлы Жүз қазақтары Үйсіндер, оның ішінде көбінесе Дулаттар шоғырланды.

Күлге айналған Әулие Ата қаласының маңызын сол кезде жете түсінген хан бабамыз қаланы қайта орынына келтіруге күш салды. Ол үшін қазақтан көрі отырықшылыққа, диханшылыққа бейім, өздері ханға қайын жұрт – қарақалпақтарды, біраз түрікпендерді әкеп қоныстандырды. Ол жұрттар кейбір қалаға бейімделген қазақтармен құда-жекжат болып, сонда емін-еркін тұрақтана бастады. Міне, ежелгі Тараз сөйтіп Абылайханның көрегендігінің арқасында екі-үш жылда шаруасы оңалып, саудасы қызып, қайта түлеп, жанданды...

19




**Ақылбеков А. Тезек төре. - Талдықорған: «Офсет» баспаханасы, 2013. - 352б.**








шыңдайды. Жәнібек күндердің бірінде нағашысының жылқысының ішінен бір көк дөненді жақтырып қалады да, нағашы атасынан «көк дөненді ат қылып мінсем» деп қалап сұрайды. Бұған нағашы атасы мақұл болғанымен, нағашы ағалары мақұл болмай, көк дөненнің інісі қотыр көк тайды береді. Нағашы ағаларына өкпелеген Жәнібек қотыр көк тайды жетелеп, нағашысының түйе табынына барып, алты атанның тілерсегін қиып тастап, бір төбешікке шығып ұйықтап қалады.

Кешкі мал бабымен түйе аралай шыққан нағашы ағалары алты атанның тілерсегі қиылып, орнынан тұра алмай жатқандығын көріп, бұл істі дереу әкесі Қазыбек биге жеткізеді. Қазыбек мұны істеген Жәнібек екендігін білген соң «мұның санап отырып алты атанның тірсегін қиғаны, менің алты ұлыма да осы күнді көрсетем дегені екен ғой» деп түйеді де дереу Жәнібекті іздеп тауып, аталық ақылын айтып, алты ұлын айыптап бермек болып аттанады.

Бір белегірге шыға келгенде, алдындағы төбешікте шалқасынан түсіп ұйықтап жатқан Жәнібектің үстінен екі көкжал бөрінің секіріп түсіп, ойнап тұрғанын, ал, қасындағы көк тайдың, көкке тік шапшып барып, ер-ылди демей, дік-дік түсіп өлісін-өлі аунап сілкініп тұрғанын көріп: «ойпырым-ау, мынаның егіз көк бөрі иесі бар екен ғой, боларсың, боларсың!» деп жаяулап келіп, жиенін желпіп оятып:

– Балам, жөн білмес ағаларыңа өкпелеп қайтесің, мен жылқы танысам, мынау көк тайың, қусаң жететін, қайратыңа төтейтін, ер қарызын өтейтін жылқы болар, ақ ниетіммен атадым саған. Нағашым берген көк дөнен деп мініп жүр, – деген екен. Содан былай сол көк тай Жәнібектің көк дөнені аталып кетіпті дейді.

6. АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ЖӘНІБЕКТІ СЫНАУЫ

Жас батыр Жәнібектің жау алдындағы қайраты аңыз болып, ел ішіне тез жайылды да, Абылай хан оны жете сынамақ болады. Сол ойдың орайы бораны күркіреп, жаңбыры сіркіреген алай-дүлей бір түнге тура келеді.

Жорыққа аттанған Абылайдың қалың қолы нөсерлі қою қараңғы түнді жамыла иендегі ағаш бейіттен бірер шақырым өтіп барып түседі. Күз аспаны сағымша құбылып, бір ашылып, бір түнеріп, нөсер бірде құйып, бірде толастайды. Қолын тоқтатып, шатырын тіккен Абылай Жәнібекті шақыртып алып:

– Мына жігіттер сусоқты болып малшынып, жолсоқты боп шалдыққан көрінеді енді бүгесінен жатып, шігесінен кетуге пейіл секілді, – дейді. «Хан шынымен-ақ қайрандап қалғаны ма?» деп ойлаған аңқаулау, аңғал батыр:

– Хан майданда өлсек шаһит дер еді, қарап жатып өлгеннің не жөні бар? Бірақ түн қараңғы, отын табар жер де қинайды бізді, – дейді шын қайрандап.

– Ендеше отын іздеп таба алмассың, бағанағы жолдағы ағаш күмбезді қопарып алып кел! – дейді Абылай.

Екі жолдасына бір түйені жетелете жөнелген Жәнібек аялдамай бейіт



**Ер Жәнібек Бердәулетұлы: Тарихи жырлар мен аңыздар. - Алматы: «Palitra Press» баспасы, 2014. - 552б.**






ЖЕТІНШІ ТАРАУ

ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАР

7.1. АБЫЛАЙ ХАН

2013 жылы Қазақ елі асыл перзенті Абылайдың 300 жылдығын тойлады. Бұл – ұлттық тарихқа, ұлы тұлғаға тағзым, азаттығымыздың салтанаты, қалыптасқан мемлекет азаматтарының ғана қолынан келетін қастерлі іс. Абылайтанудың тамаша үлгісін Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаев көрсетті. «Абылай аңсаған азаттық» мақаласындағы: «Алмағайып сұрапыл заманда есеңгіреген елге ес кіргізіп, бір тудың астына біріктіре білген Абылай ерлігі мен ақыл-парасатын қатар жұмсаған сарабдал саясаткерлігінің арқасында қазақ халқын жойылып кетуден сақтап қалды. Осылайша, туған халқының кемел болашағын аңсаған ол өз дәуірі артқан ұлы жүкті қайыспай көтеріп, ел алдындағы перзенттік парызын атқарып кетті», – деген сөздерді тебіренбей оқу мүмкін емес.

Қазақ жерінде тұлғатануға қатысты тарихи ой-сананың пайда болуы әлденеше ғасырлар еншісіне тиесілі. Оның ғылым мәртебесімен жүйеленуі, кәсіби мамандар еңбектенетін дербес салаға айналуы XX ғасыр ортасында аяқталды. Мұның тамаша айғақ-дәлелі – Е.Бекмахановтың Кенесары хан жайлы 1947 жылы жарық көрген әйгілі монографиясы. Отандық тарих ғылымының тұлғалар тағдыры мен тағылымын зерттеудегі нағыз қайта өрлеуі тәуелсіздікпен өрілгеніне бәріміз куәміз. Қазіргі тарихи таным мен тұлғатану көкжиегінің кеңеюі, эврикалық қарымының артуы Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев есімімен ажырағысыз байланыстағы құбылыс екені де айдан анық ақиқат.

Тарихқа тағзым бүгінгі қазақстандықтардың жүрегі мен санасына игі әсер етуімен қатар олардың болашаққа сенімін нығайтты, рухын асқақтатты, қиялына қанат бітірді. Мұндай қасиет пен мінезсіз жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды, қалыптасқан мемлекетімізді, бір сөзбен айтқанда, әлем таныған қазақстандық жолды дүниеге келтіре алмас едік.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында Аңырақай шайқасын ұлы оқиға әрі бірліктің құдіреті деп ұлықтаған Елбасымыз жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру міндетін күн тәртібіне қойды. Бұл әсте

212

**Әбжанов Ханкелді. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. - Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 328 б.**






екпейін, қолдан келгенінше ептейін. Билік тізгінін босаңсытып, ел бірлігін бүтіндей алмай отырған өздері. Мен жөнін тауып, іс қылсам, неге бүйттің демес. Өздеріне пайдамды тигізе жасаған оң ісімді теріс көрмес.

Байқаймын, елдің менен күткені бар. Енді көрінбесем, ез дер, көп сұлтанның бірі санар да, түңілер. Жас батырларға рудың, жүздің емес, елдің, бір бүтін қазақтың намысы жоғары саналатындай. Сырт жұрттардан руы үшін емес, қазақтығы үшін көріп келе жатқан кемсітулер жетелеріне жеткендей. Енді тек бұларды дұрыс жолға бастай біл, аңсаулы азаттыққа жетеле...».

Осындай тоқтамға келген Абылай сұлтан орыс билігіндегілерге өзінің дүниеде барлығын, қазақ атынан сөйлесе алатын өреде екенін білдіретін хаттар жолдады. Хат апарған адамдары: Жолбарыс сұлтан, Бекболат батырдың ұлы Елшібай, Қосан мырзаның інісі Байдәулет және Ізбасар. «Бұлар менің осындай жұмыстарға жұмсайтын елшілерім» деп таныстырды. Хатта жоңғарда тұтқында болдым демей, «Қалмақ жеріне жорыққа барып, аман-есен келдім» деп хабарлады. Сібір губерниялық кеңсесінің бастығына екі ат, Есіл бекінісінің бастығына бір ат сый-тарту жібергенін айтып, қабыл алуларын сұрады.

Абылай сұлтан Ресеймен татулықта, оның жұртына ешқандай зиян келтірмей, сыйластықта болатындығын мәлімдеп, қазақтар тарапынан орыстарға тиісіп, қылмыс жасаған жағдай болса, ондайларды қатаң жазалайтынын, өзінің халқын қорғай да алатындығын айтты. Бағыныштымын демей, тең құқылы көрші ел екендігін білдіре жазды. Әр деңгейдегі бес адамның атына жазған бес хатта қойған тілектері тек өзіне ғана жағдай жасау емес, қазақ атынан, қазақ елінің өкілетті адамы атынан айтылып отырғанын аңдатты. Әбілқайыр хан мен Әбілмәмбет ханды ағаларым дей отырып, үшеуіне Орынборда арнайы өз тараптарынан тура барып сауда жасауға рұқсат етілуін; Батыр сұлтанның да сауда жасағысы келетінін, оның жіберген адамдарын кешіктірмей қайтаруды; аң аулауға барған жерінде орыс шегарашылары ұстап қалып, жібермей отырған Шабдан, Жалақ деген кісілерді босатуды; өзінің сатуға жіберген жылқыларының қолды болғанын, соларды тауып қайтаруды сұрады. Орынбордың тым шалғай екендігін айтып, мүмкін болса Есіл бекінісіндегі орыстармен сауда жасасқысы келетінін де ескертті. Тобыл губернаторы Алексей Сухаревке жазған тағы бір хатында



дүрбіт қалмақтар мен Орта жүз қазақтары аралығын мекендеп, орыстарға қарсы болып келген үш жүз шаңырақ үйсіндерді Ресей бодандығына алуды және олардың тұтқында отырған кісілері: Байжігіт Жаулыбайұлы, Есдәулет Шоқайұлы, Боздақ Есенамановты босатуды тілек етті.

Абылайдың бұл хаттары шегара бастықтары тарапынан да, Ресей жоғарғы билігі тарапынан да ілтипатпен қабылданып, тілектерін қанағаттандыра отырып, байланысты әрі қарай жалғастыру көзделді. Осылай Абылайдың Ресей мемлекетімен хат және елшілік арқылы байланыс жасауы басталып, үлкен саясатқа арна тартты. Бұл оның елшілерінің патша сарайына дейін жетіп, хаттарының патшайым қолына тиюіне, алдағы азаттық тартыстарына жол ашар бастауы еді. Алайда Абылай қандай ретпен болсын орыс бекіністеріне барудан жалтарып отырды. Орыс билігінің дегендеріне көндіре алмай бара жатса, тұтқын етіп, кепілде ұстау пиғылы барын сезген Абылай бұдан сақтана да білді. Қалайда қазақ тізгінін орысқа бермеудің амалын жасауды көздеді.

* * *

Уақыт сырғып, өмір зырғып, қаншама жыл қазаққа сор болған Қалдан Серенді де фәниден көшірді. Абылай қолына түскенде, әуелінде оның басын алып, Шеріш інісінің кегін қайтарып, айызын қандырып, қазаққа бұрынғыдан да қаһарлана түспек ойда еді. Абылайды көріп, тілдесе келе, оны бұдан да маңызды іске пайдалануға, қазақты бағындырудың соғыстан басқа бір жолын табуға себі тиерін аңдағандай болды: «Қазақтың ең беделді сұлтаны, екі ханның да жақыны, Қазыбек би мен Жәнібек батырдың үміттісі, қазақ мұндайын құрметтейді, жанын беруге барады. Абылайды ұстап отырып, енді бір сөйлесіп көрелік, қазақтың қалай ән салғанын. Алдыма келіп жапырылса керек» деп болжағаны айнымай келді. Қазақ иілді, Абылай үшін құрақ ұшты. Бәтуаға келе бастады. Бітім болды. Бірте-бірте бәрі де осы Әбілмәмбет, Барақ, Батырлар сияқты келісімге келеді деп санады. Ең сенгені Абылайдың өзі болды. Бейбіт тұруға, бір-бірін қолдауға келіскен. Қалдан Сібір мен Еділге орнығуды, қазақпен бірлесе отырып, орысты ығыстыруды көздеген-ді. Соғысып жеңе алмаған қазақты осындай бір келісіммен,ептеп бітісе келе бірігу болатын түп мүддесі.



**Шүкірұлы С.**
**Тархан Шақшақ Жәнібек батыр. Тарихи деректі роман. - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 256 б.**






15. Памятники сибирской истории XVIII века. 1713-1724. Спб., 1885. Кн. 2. С. 158-159.
16. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. С. 16-20.
17. Памятники сибирской истории XVIII века. Кн. 2. С. 166-167.
18. Там же. С. 167.
19. АВПР. Ф. Зюнгорские дела. Оп. 113/1. 1731. Д. 2. Л. 135 об.
20. О нем см.: Моисеев В.А. Дело Шоно-Лоузана: XVI научная конференция «Общество и государство в Китае»: Тезисы и доклады. М., 1983. Ч. 2. С. 96-103.
21. АВПР. Ф. Зюнгорские дела. Оп. 113/1. 1733-1734. Д. 3. Л. 2-2 об.
22. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких. орд и степей. Спб., 1832. Ч. II. С. 70.
23. Цит по: Чехович О.Д. О некоторых вопросах истории Средней Азии XVIII-XIX вв. // Вопросы истории. 1956. № 3. С. 88.
24. АВПР. Ф. Киргиз-кайсацкие дела. Оп. 122/1. 1748. Д. 4. Л. 100 об.
25. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России... С. 182.
26. Левшин А. И. Указ. соч. С. 76.
27. О названиях, связанных с местами сражений казахов с джунгарскими завоевателями см.: Ак-Табаншубрынды // В.В. Бартольду– туркестанские друзья, ученики и почитатели. Ташкент, 1927.

### В НАЧАЛЕ ПУТИ

Аблай (Абилмансур) провел детские и юношеские годы в изгнании, познав голод и унижения. Отец его, султан Вали[36], был сыном известного воителя султана Аблая, происходившего от потомков Жадига[37] [1]. Это нашло отражение в многочисленных преданиях об Аблае, где говорится, что он происходит от Чингиз-хана, предки которого были рождены от солнечного луча.

Прадед его «прославился... воинскими доблестями... Сын его, Вали, не мог поддержать славы отца...» [2]. По мнению Ч. Валиханова[38], дед и отец Аблая владели Туркестаном [3]. По другим, и на наш взгляд, более достоверным данным, они владели не Туркестаном, а Ташкентом. «Аблай-султана дед и отец, – рассказывал в 1768 г. царским властям, хорошо знавший родословную Аблая его писарь М. Мамедов, – были города Ташкента ханами, но, напав, зенгорские калмыки, тот город завоевали, причем Аблай-султан, будучи десяти лет, ушел в город Туркестан



под владение Абулмамбет-хана...» [4]. Эти сведения подтверждаются и казахскими преданиями. Так, в одном из обращений Бухар-жырау[39] Калкаманова к Аблаю говорится:

Когда было «Великое бедствие»,
Когда ты с отцом и матерью (расстался),
Когда ты, торе [5], был с кобчика,
Ушел ты в Туркестан,
Стал рабом, ездившим на серой кобыле,
Абулмамбету..., Самеку
Стал ты слугой... [6]

Как известно, Ташкент был захвачен ойратами в 1725 г. Абилмансуру, родившемуся в 1711 г., исполнилось в это время четырнадцать лет. По некоторым сведениям он вместе со своими уцелевшими соплеменниками прежде, чем попасть в Туркестан, побывал вначале в Средней Азии. В одном из казахских преданий говорится, что он прибыл туда из Ургенча[40].

Лишившись отца и потеряв мать, он под именем Сабалака несколько лет скитался по степи. Так, по сведениям, собранным Ч.Ч. Валихановым, Аблай одно время пас лошадей у бая Даулетбая. Жена Даулетбая не без удивления заметила, что молодой человек никогда не просит пищи, пока не дадут, но и тогда берет неохотно и никогда не ест из немытой посуды. «Это совершенно не киргизское поведение, эксцентричность, – замечает Ч.Ч. Валиханов, – обратили внимание хозяина, который через расспросы у Ураза (спутника Аблая. – Авт.) узнав о его происхождении, тотчас увез его к хану Абулмамбету [7], одарив его лучшею лошадью из табуна. Этот-то выбранный конь был тот знаменитый Чалкуйрук (пламя-хвост), первый сподвижник похода молодого султана, Чалкуйрук, на котором Аблай составил себе имя батыра и уважение киргиз» [8].

Пятнадцатилетним юношей Аблай принимает участие в сражениях казахских ополчений с джунгарскими завоевателями. Ойратское нашествие в 1723 г. и последующая борьба казахов с джунгарами, вплоть до 1729 г., были, вероятно, самым страшным временем в истории Казахстана. Не случайно многие историки и писатели сравнивают это нашествие с вторжением монголо-татарских завоевателей. «В это-то ужасное и кровавое время, – указывает Ч. Валиханов, – обращает на себя всеобщее внимание султан Аблай. Участвуя во всех набегах сна-



Сулейменов Р.Б. Избранные труды.- Т.1.- Алматы: Изд-во «Елтаным», 2015.- 336 с.






258 Ерлан Сыдықов, Әбілсейіт Мұқтар

4-ТАРАУ. АБЫЛАЙ ХАН БІРТҰТАС ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ БАС ХАНЫ

4.1 Абылайдың саясаткер ретінде қалыптасуы

Абылай Уалиұлы да елін сүйген азаматтар қатарында тарих сахнасына Әбілқайыр хан айтқандай қазақтың бір мезгілде жоңғар қалмақтары, Еділ қалмақтары, башқұрттар, Сібір, Жайық казак-орыстары, Бұхара, Хиуа хандықтары қосылып «төрт жағамыздан бірдей жау қоршауында қалған» кезеңде атқа мініп, жұртының алдында көрінді. Ата шежірере, Бұқар және Үмбетей жырларына арқа сүйеген тарихшылар Р.Б.Сүлейменов, В.А.Моисеев, М.Қ.Қозыбаев, К.К.Абуев және өзге де ғалымдар Абылай сұлтанды 13-15 жастан бастап атқа қондырып, аға буынмен жарыса ел қорғауға белсене кірісксенін жазған-ды [1]. Дегенмен, оның жұлдызды сәті ел ауызын өзіне қарата бастаған тұсы 1730 жылдардың екінші жартысында басталды деуімізге әбден болады. Бұқар жыраудың:

«Сені алғаш көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет хандарға
Қызметші болып тұр едің», –

дегені шамамен оның немере ағасы Әбілмәмбет Болатұлының билігінің күшейе бастаған тұсына келеді. Себебі Әбілмәмбет 1739 жылы арғын руының және Түркістандағы Нияз батырдың қолдауымен хан тағына көтерілгенін мұрағат деректері айғақтайды. Дегенмен,

Мұхтар Ә.Қ., Сыдықов Е.Б.
XVII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы. - Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Mereke baspasy, 2015. – 688 б.






ҮШІНШІ БӨЛІМ

I

Қалампыр, миялы жұпар аңқыған көкорай шалғын белуардан келеді. Сырымбет тауының күнгей жағында қаз-қатар қонған кілең ақ боз үй алыстан ақ шағаладай боп көз тартады. Бұл — Абылай сұлтанның аулы. Сәл қашықтау тұстағы шағын караша үйлер — төлеңгіт аулы. Төлеңгіт аулының да, сұлтан аулының да маңайы әбігер, қарaң-құраң жұрт. Сойылып жатқан мал, көтерілген қазан. Жас иіс толы жаздың басы. Таңертеңгі мезгіл. Түс ауа үлкен той басталмақ. Қазір соған әзірленіп жатыр. Той Абылай сұлтан мен Қалден Цереннің қарындасы Хочадан туған тұңғышы Қасымның жетіге толып, сүндеттелуіне арналған. Абылай жоңғарлармен бір үлкен айқаста қолға түсіп, үш жыл қонтайшының Ташкенттегі сарайында тұтқында болған. Ақыры немере ағасы Әбілмәмбет хан мен Орынбор губернаторы Неплюевтің кірісуінің арқасында бір мың жеті жүз қырық үшінші жылы тұтқыннан босанған. Қалден Церен бұның орнына аманат етіп Әбілмәмбет ханның кіші баласы Әбілфейіз бен Барақ сұлтанның ортаншы ұлы Шағайды алып қалған. Қалден Церен Абылай сұлтанды құр босатпаған, түбі өзіме керек болар деп, оған сүйікті қарындасы, батыр Хочаны жар етіп қосқан.

236

Әрине, жоңғар қонтайшысы өзінің бұл ісінде ел басқаратын адамға керек, Абылайдың батырлығын да, ақылдылығын да еске алған.

Абылай даңқы бұл кезде жер жаратын. Қарындасын берген қонтайшы қателескен жоқ еді. Өзі хан болмағанмен, немере ағасы Әбілмәмбет ханнан Орта жүзге бұның қадірі кем түспейтін. Ел басқаратын ерекше қасиеттерінің арқасында оның даңқы үш жүзге бірдей тарай бастаған. Кім болса да, Абылай пікірімен санасатын күйге жеткен. Қарындасын берген әккі қонтайшы қателесті: Абылай дегенін істемеді, өз саясатын жүргізді. Қандай жағдайда болса да, қазақ жерін Жоңғардан босатуды ойлады. Бірақ атағы жер жарғанмен, Абылайға тікелей бағынған ел — Көкшетаудың жан-жағында сыңси қонған, өзіне жеті қызын беріп, жеті отау тіккен, Атығай, Қарауыл тәрізді Арғынның белді рулары ғана еді. Бұл әлі оның үш жүзге хан саналып, бетіне жан қаратпайтындай айбарлы кезі емес. Арғынның өркөкірек, долы мінезді кей рулары Абылайға тақа бас ие коймаған шағы. Жетідегі соткар ұлын сүндетке отырғызып, той істеудегі сұлтанның бір ойы әзірге шет жайылып жүрген осы руларды өзіне тарту еді.

Ел билеу?

Ел билеу оңай тисе, халық тізгіні қолында болған адамның бәрі де ел аузында қалмас па еді? Қазақ тарихында жүздеген хан менен мыңдаған сұлтан өтті. Солардың халық жадында қалғаны саусақпен санап аларлықтай. Хан тағына жету кейде оңай болғанмен, хан тағында отыру қиын. Өйткені оған тек қана күш емес, ақыл, айла, саясат керек. Бұл қасиеттер сандықтағы дүниең тәрізді, біреуде бар, біреуде жоқ...

Абылай ел билеу ісінде Есім хан тәсіліне көңілін көбірек аударатын. Тікелей оның жолын ұстамағанмен, кей әдістерін өз ісінде қолданып отыратын. Бұған да себепкер болған бәз баяғы Бұқар жырау. Ол бір күні Есім ханның тарихын оған айтып берген:

237

Есенберлин І. Көшпенділер: роман-трилогия.- 2-кітап. - Алматы: «БПКА «Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар Ассоциациясы», 2015. – 380 б.


149д

Мәшһүр Жүсіп
Көпеев жинаған.
Әдебиет үлгілері.
(Қолжазбадан көшірген).


829, № 9

1 Ораз туралы (Абылай тарихынан)
араб, 1950. жин. белгісіз — б. 1-2

2 Абылай ханның әңгімесі — б. 3, -
араб, 1949 жин. Бекмағамбетов И

3 Абылай, Бөгенбай, Қабанбек
араб, жинаушы белгісіз — б. 4-5
жин. Нұрғаза Алисанұлы

4 Абылайдың батырларын сынауы б. 6-
парсы, 1941 жин. Бекенов


CD-08
431
АБЫЛАЙ ХАН ТУРАЛЫ
(1711-1781)


529 – 1
Абылай туралы
Машһүр Жүсіп Көпеев
б. 1-13
1929-1939 жылдарда


Инв № 960




**Абылай хан / Құраст. К.Е. Әбікенова. - Алматы: Аруна, 2017. – 24 б.**

«У казахов нет более чтимого предка, более великого человека, чем Абылай-хан!»

Ауэзов М.






Августа 22 дня 1760 года
к. Омская. *[Л. 206.]*

P. S. При заключении ж сего письма получил я из крепости Железинской от командующаго известие, что ваших киргиских шесть лошадей, сысканныя на здешней стороне, ходящие по степи, кои были украдены беглыми ис той крепости российскими людьми, в приезд в ту Железенскую крепость самим хозяевам вашим киргис-кайсацким при старшине их Кирейской волости Баян Елчири обратно отданы, в чем с них и росписка взята. Вот видите, почтенный Салтамаметь-салтан, какое мы вашим киргисцам удовольствие делаем? Напротиву чего и вас, моего верного друга, Салтамаметь-салтана, паки прошу пожалуй, пожалуй, пожалуй и прикажи ты обще с братом своим Аблай-салтаном и наших плененных двоеданцов, как возможно, отыскать, и в здешние крепости, куда способно, вывезя, отдать. Чрез что между обоими народами наипаче будет неразрывная дружба и согласие.

*На полях:*
*По правому полю через все листы:* С подлинного читал ротной квартермистр Степан Пушкарев.
*ГАОрО. Ф. 3. Оп. 1. Д. 56. Л. 199–206. Копия.*

**№ 53**

*1760 г., августа 22. – Письмо командующего войсками на Сибирских линиях генерал-майора фон Веймарна Аблай-султану о плененных тау-теленгутах, возврате беглых калмык и лошадей, о жене Шонхорбая и о «скрытной» дружбе*

Всепресветлейшия державнейшия великия государыни императрицы Елисавет Петровны самодержицы Всероссийской и прочая, прочая, прочая киргис-кайсацкой Средней орды верноподданному и почтеннейшему Аблай-салтану.

Письмо ваше, почтеннейшаго Аблай-салтана, приятнейшее мне, чрез присланных людей ваших, Каип Назара и Зула с товарищем, я получил, и что вы, со всей киргис-кайсацкою Среднею ордою находитесь в благополучии, о том сердечно радуюсь. Напротиву чего и вам, почтеннейшему Аблай-салтану, яко вернейшему приятелю объявить не преминул, что и у нас здесь в России обстоит все благополучно, и известей никаких нет, окроме того, что у вас происходило, но сюда знать не дано, чего однако я по благоприятству вашему ожидать должен был бы, особливо потому что Юлбарис-салтаном вам довольно уповаемо толковано, сколь сопряжены ваше благополучие со здешним интересом.

Что же вы, почтеннейший Аблай-салтан, по своей верноподданнической должности *[Л. 207 об.]* Ея императорскому величеству нашей всемилостивейшей государыни, отправились с людьми своими по улусам для отыскания плененных вашими киргис-кайсаками, а паче бывшим старшиною, Кошкарбаем-батырем, верноподданных российских ясашных татар, то и том не мало радуюсь, ибо сие к вашей же славе точным доказательством верной и чистосердечной верноподданнической должности

121

**Султаны и батыры Среднего жуза (вторая половина XVIII в.). Сборник документов. - Алматы: Литера-М, 2018. - 560 с.**










**«АБЫЛАЙ ХАН»** халықтық қаһармандық драмалық дастаны – 18 ғасырдағы қазақ халқының азаттық үшін ерен ерлікпен күрескен тарихи кезеңін бейнелейтін, ақ өлең үлгісінде жазылған төрт көріністі пьеса. Алғаш рет 1997 жылғы «Жалын» журналының соңғы сандарында жарияланған. Кейінірек Әбіш Кекілбаев шығармаларының 12, 20 томдық шығармалар жинағына енген. Белгілі жазушы С.Санбаев драманы орыс тіліне аударған. Аударма Ә.Кекілбаевтың орыс тіліндегі 5 томдық шығармалар жинағының 4-томында жарық көрген.

АҚ ӨЛЕҢ, ұйқассыз өлең – әлемнің бірқатар халықтары әдебиетінде кездесетін қалыпты ұйқассыз өлең үлгісі. Ақ өлең драматургия жанрында жиі қолданылады. Мәселен, М.Әуезов («Айман-Шолпан»), Ғ.Мүсірепов («Ақан сері-Ақтоқты»), т.б. қаламгерлер ақ өлең үлгісін сәтті қолданған.

Қазақтың төл тарихында Абылай хан тұлғасы ерекше маңызға ие. Абылай хан тұлғасын шынайы тарихи тұрғыда суреттеуде Ә.Кекілбаев романдары да өзіндік маңызды рөл атқарғандығы даусыз. Дегенмен, жазушы үшін Абылай бойындағы өршіл идеяны патриоттық пафоспен жырлауға прозалық жанр тарлық еткендей. Сондықтан да қаламгер өз шығармасы үшін драма жанрын таңдаған. Роман мен драмада тақырыптық қайталау кездескенімен, мазмұндық қайталау жоқ. Ең бастысы – драмадағы тартыс табиғаты, драматизм болмысы өзгеше.

РОМАН – күрделі сюжетті, кесек тұлғалы әдеби шығарма.
ДРАМА – көркем шындықты ерекше тәсілдерімен шиеленіскен тартыстар желісіне жинақтап, оқиғаға қатысатын кейіпкерлер сөзі мен іс-қимылы арқылы көрсететін сөз өнерінің күрделі тегі.
ДРАМАТИЗМ – адам өнерінің, адам мен оны қоршаған қоғамдық және табиғи ортаның арақатынастарының қайшылықтары мен қиғаштықтарын бейнелейтін категория.
КЕЙІПКЕР – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем бейнесін жасағанда, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттарымен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді де анық байқалатындай етіп суреттейді. Кейіпкердің драмалық шығармада атқаратын міндеті басымырақ. Мұнда оқиға бастан-аяқ қатысушы персонаждардың айтқан сөздері (реплика) арқылы өрбиді. Әр кейіпкердің көркем бейнесі оның өз сөзі арқылы ашылады. Кейіпкердің тұлғасын, мінезін, іс-әрекетін суреттеу өзгешелігі әдебиетте, көркемөнерде қолданылатын әдіске сәйкес болады. Айталық, романтизм әдісі қолданылған шығармадағы кейіпкерлерді суреттеу тәсілі реалистік әдебиеттегі кейіпкерді бейнелеу тәсілінен бөлек. Реализм әдісі әдебиет пен көркемөнер шығармасында кейіпкерлердің тұлғасын, мінез-әрекетін мейлінше шынайы суреттеуге мүмкіндік береді. Адам мінезін, тұлға бейнесін өзгерісті даму үстінде алып, өмірлік күрес-тартыспен ұштастырып көрсету – реалистік әдістің ең ұтымды жағы.

Шығарма ішінде Абылай ханнан бөлек, **Бұқар жырау,** дәруіш **Ораз Аталық, Лама Доржы, Сыбан Доржы** сияқты ойрат қоңтайшылары, **Дәулетбай бай, Қабанбай, Едіге, Шотана, Олжабай, Тұрсынбай** тәрізді қазақ батырлары, **Дауашы, Әмір Сана** іспетті кейіпкерлер кездеседі. Сондай-ақ **Шарыш,** одан да өзге **Топыш, Күлпаш** сияқты образдар төбе көрсетеді.



**Кекілбаев Әбіш.**
**Шығармашылығы: Энциклопедия. Т.1. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 800 б.**







лерін біртіндеп қайтарып алды [93]. 1728 жылы Қазақ қолы Шұбар теңіз мен Бұланты өзенінің жағалауындағы Жоңғар қолына шабуыл жасап зор жеңіске жетті. Бұл жеңіс қазақ халқының Жоңғар қосындарына сілейте соққы берудегі ерік-жігерін жаныды. Сол жылы Қазақтың әр жүзінің өкілдері бас қосып біріккен қосын құруды ұйғарды, әрі қолбасшыларды тағайындап, Жоңғарға қарсы соққы беру күресін жеделдетті. Сондықтан, 1729 жылы ұйымдасқан қазақ қолы Балқаш көлі бойындағы Жоңғар моңғол қосынына қарсы шабуыл жасап, кескілескен шайқас арқылы Жоңғар қосындарын күйретіп, Орта жүз бен Кіші жүздің көп жерлерін қайтарып алды [94].

**4. Абылай ханның Жоңғар ақсүйектеріне қарсы күресінің жеңісі**

Абылай хан – XVIII ғасырдағы қазақтың көрнекті қайраткері, қазақ тарихына орасан зор үлес қосқан тұлға. Ол 1711 жылы Орта жүздің шағын ақсүйек отбасында дүниеге келген. Бұрынғы аты – Әбілмансұр. Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Яғни Жәңгір хан – Уәлибақы – Абылай – Уәли – Әбілмансұр. XVIII ғасырдың басында Әбілмансұрдың ұлы әкесі Абылай Түркістан қаласын билеп, ержүрек, айлакерлігімен Орта жүзге әйгілі болған еді. 1723 жылы Жоңғар ақсүйектері Түркістан қаласына тұтқиылдан шабуыл жасағанда, Әбілмансұрдың әкесі Уәли шейт болып, олар отбасымен Түркістан қаласынан қашып шығады да Үйсін тайпасының көсемі Төле бидің ауылына жаяу жетеді. Оның шашы өскен, киімі алба-жұлба болған түрін көріп Төле би оны «Сабалақ» деп атап, оған мал бақтырып қояды.

XVIII ғасырдың 20-жылдарының соңы мен 30-жылдарының басында қазақ пен Жоңғар моңғолдарының қарым-қатынасы шиеленісіп, соғыс жиілеп кеткен еді. Жоңғар қолы Орта жүзге шабуыл жасағанда, Орта жүздің Әбілмәмбет ханы қазақтарды ұйымдастырып Жоңғар қолына қарсы тұрды. Әбілмансұр Төле бидің рұқсатын алғаннан кейін, Әбілмәмбеттің қасына соғысқа қатысуға барды. Бір шайқаста моңғол батыры Шарыш ешкімге дес бермей, қазақ батыр-



**Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы: Ерте заманнан-XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін: Төрт томдық зерттеу. XV-XIX ғасырлар аралығындағы қазақ хандығы. Аударма, зерттеу, факсимилие.-Т.3.- Алматы: «Асыл кітап» баспа үйі, 2019. - 608 б.**




**Артыкбаев Ж.**
**Абылай хан. - Нур-Султан: Фолиант, 2019. - 400 с.**




**Ахметов А.Қ.**
**Абылай хан әулиеті. Хан-сұлтандар шежіресі: Зерттеу: Көптомдық. -Т.1. - Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020. - 376 б.**







**А. Әбсадық. Хан Абылай: тарихи тұлға һәм фольклорлық қаһарман. - Алматы: «Алматы - Болашақ» АҚ баспасы, 2020 жыл. - 192 бет.**

**Қазақтың хас батырлары. Ғылыми-танымдық энциклопедиялық жинақ / Құрастырушылар: Тасболатов А.Б., Мұсаев Т.Қ. - Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2020. - 400 бет.**







кетеді. Бұл жеңіс Бөрібай батырды аса қуанта қоймайды. Себебі ата жауы құтылып кетті. Екіншіден, Жетісуды ойраттар басып алған. Едігі міндет – қашқан жауды індете қуып, сол өңірлерді жаудан тазартып, ел-жұртын азат ету. Осылайша Бөрібай батыр бастаған екі түмен қол Жетісу – Алакөл бағытына аттанады.

Абылай Балқашта күтпеген жерден өзінен күші әлдеқайда артық жоңғарларға тап болып, айқасқа түсуіне тура келеді. Саны да, күші де басым жауға төтеп беру қиынға соғып, тығырыққа тірелген сәтте жаудың желке тұсынан шыққан «Абылайлаған!» ұран жоңғарлардың есін алады. «Абылайлап» ұран тастай жетіп, мығымсыған ата жауына ту сыртынан қырғын салған бұл Бөрібай батырдың сарбаздары еді.

Сонда Абылай:

- Есіл ерім-ай! Дәл керек кезінде жеткеніңді қарашы! – деп масаттанған екен еріне риза көңілмен.

Алғашқы екпіндері басылып, талай-талай ұрыстарда ойсырай соққы алған жоңғарлықтар әлі де оңай беріле салғылары келмей, шама келгенше қазақ даласына тастабандап тұрақтап қалуға жан салып баққаны мәлім. Осы пиғылдағы Сайынбөлек, Батыр-Убашы ноядар Жетісудың Шығыс бөлігі – Алакөл, Лепсі, Ақсу өңірлеріне табан тірейді де, Қаракерей Қабанбай бастаған қазақ қолы Іленің оң қапталындағы биік асуға жетіп, бекініс шеп құрады. Бұл - биіктен алдындағы жау алақандағыдай анық көрінетін, ал жау бұларды көре алмайтын ұрымтал тұс болатын. Жау күтпейтін тұтқиыл соққының жеңіске жеткізері бесенеден белгілі. Ең басты соққыны беретін бұл кезде алпысты алқымдап қалған Бөрібай мен Сырымбет мыңдықтарын бас қолбасшы қос қапталға жасырады.

Осы шайқаста Бөрібай батыр қалмақ шеріктерінің қолбасшысы Батыр-Убашымен жекпе-жекке шығып, оны найзамен түйреп, аттан құлатады. Кенеттен оның он бес шақты нөкерлері жан-жақтан лап беріп жабылып кетеді де, жаудың қоршауында қалған есіл ер жауларынан тайсалмай шайқасып жүріп ат жалын құшады.

- Ата жауым Сайынбөлекте кеткен кегімді ожоңғарлық қолбасыдан алдым. Ия, аруақ! Қаптағай! –деп көз жұмған екен дейді көнекөз шежірешілер мен даланың ауызша тарихи деректері. Отыз жыл бойы қолынан қаруын тастамай, атамекенін жоңғар және басқа хандықтар шапқыншылығынан қорғаған қас батыр осылай өмірден өткен екен.

Мінеки, Бөрібай батыр жайлы біздің естіп-білгеніміз бен оқып-тоқығанымыз осындай. Әрине, ғасырлар қойнауында ұмыт қалып қойған батырлар шежіресін бірден тұтастай зерттеп, келер ұрпағына



**Тоқтарбай Е.**
**Матай бөрібай батыр: Зерттеу және естелік мақалалар жинағы. - Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2020. - 280 б.**